



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2021 жылғы 16 маусымдағы № ДС-214

Құрметті депутаттар!

Сіздердің қызметтен шығарылған әскери қызметшілерді қызметтен шығу кезеңдері бойынша үш санатқа бөлуге және әрбір санатқа қатысты тұрғын үй заңнамасының әртүрлі нормаларын қолдануға қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Мемлекет өзінің қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін кезең-кезеңімен шешеді.

Әскери қызметтің беделін арттыру мақсатында мемлекет әскери қызметшілерді мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға үміткер азаматтардың санатына қосты.

Қазіргі уақытта әскери қызметшілердің қызмет өткеретін мемлекеттік мекемеден (әскери бөлімнен) де, жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық тұрғын үй қорынан да тұрғын үй алуға үміткер болуға құқығы бар.

Оларға күнтізбелік есептеумен 20 жыл әскери қызметтен кейін тұрып жатқан тұрғын үйін өтеусіз жекешелендіру құқығы берілді.

Сонымен қатар 2013 жылға дейін 20 және одан көп жыл қызмет атқарған әскери қызметшіні тұрғын үй бермей шығаруға болмайтыны туралы тиісті норма болды, ал көрсетілген мерзімге дейін (20 жыл қызмет өткермеген) науқастануына, штаттық-ұйымдық өзгерістерге және шекті жасқа толуына байланысты қызметтен шығарылған әскери қызметшілерге қатысты тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепке қою туралы жергілікті атқарушы органдарға өтінішхат жолдау туралы норма қолданыста болды.

Сонымен, 2013 жылға дейін әскери қызметтен шығарылған адамдардың құқықтарын қандай да бір шектеу болған жоқ, өйткені мемлекет оларға мемлекеттік мекемеден немесе коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу құқығын берді.

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге тұрғын үйді жалға алу үшін өтемақы беруді көздеген заңнамалық нормалар енгізілді, бұл қызметтен босатылған әскери қызметшілердің тарапынан сотқа арызданудың санын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар аталған өтемақы әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін толық шеше алмады.

Осыған байланысты 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап заңнамаға нысаналы тұрғын үй төлемдеріне бағытталған (*ипотекаға, тұрғын үйді жалдауға, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға, тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріне қатысуға, тұрғын үй жинақтарын толықтыруға және тұрғын үй жағдайларын жақсартуға*) түзетулер енгізілген болатын, олар осы кезеңге дейін қолданыста болған құқықтық қатынастарға жатпайды.

Бүгінгі күні 2013 жылға дейін, 2013 жылдан 2018 жылға дейін және 2018 жылдан бастап қызметтен шығарылған адамдарға қатысты әртүрлі нормалар қолданылады.

2013 жылғы 1 қаңтарға дейін қызметтен шығарылған және тұрғын үйге құқығын жүзеге асырмаған адамдар «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 67-бабының 1-тармағына сәйкес тұрақты тұрып жатқан мекенжайы бойынша коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждардың есебіне тұруға құқылы (*олардың саны анықталмаған және бірнеше ондаған мың адамға жетуі мүмкін*).

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде әскери қызметтен шығарылған, күнтізбелік есептеумен 20 және одан көп жыл еңбек сіңірген жылдары бар адамдарға заңнамада ақшалай өтемақы төлеу көзделген (*«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 55-бабының 7-тармағы*). 2018 жылғы 1 қаңтарда олардың саны 48 адам болды, оларға жалпы сомасы 1 273 421 мың теңге төлемдер толық көлемде жүзеге асырылды.

Бұл ретте жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғын үйлерде тұратын (*жабық және оқшау әскери қалашықтар, жатақханалар*), 20 және одан көп жыл еңбек сіңірген 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін әскери қызметтен шығарылған адамдарға өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алу құқығы берілді. 2018 жылғы 1 қаңтарда осы санаттағы адамдардың саны 165 адам болды, оның ішінде 111 адам жалпы сомасы 999 520 мың теңге құрайтын ақшалай өтемақыны алды, ағымдағы жылдың соңына дейін қалған 54 адамға төлемдер жүзеге асырылатын болады.

Өз кезегінде жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғын үйлерде тұратын (*жабық және оқшау әскери қалашықтар, жатақханалар*), 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін әскери қызметтен шығарылған, әскери қызметте 10 және одан көп жыл, бірақ 20 жылдан еңбек сіңірген адамдарға жекешелендіруге жататын мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді алмастыру құқығы берілді. 2018 жылғы 1 қаңтарда олардың жалпы саны 742 адамды құрады, 335 адам алмастыру құқығын жүзеге асырды. Осы бағытта жұмыс жалғасуда.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметтен босатылған адамдар тұрғын үймен толық көлемде қамтамасыз етілген.

Бүгін 2018 жылғы қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдары 10 жыл және одан көп, бірақ 20 жылдан аз, әскери қызметтен шығарылған адамдардың тек шамалы бөлігі (20 адам) заңнаманы өзгертуді және өздеріне тұрғын үй үшін ақшалай өтемақы төлеуді талап етуде.

Заңнамаға өзгеріс енгізілген және оларға ақшалай өтемақы не біржолғы тұрғын үй төлемін төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда бұрын қолданыста болған нормативтік құқықтық актілер теңгерімі бұзылады.

Бұдан басқа, қалдық құны бойынша жекешелендіру құқығын пайдаланған әскери қызметшілердің құқығы бұзылады (олар төлеген ақшаны қайтарып, ақшалай өтемақы төлеу қажет болады), сонымен қатар, еңбек сіңірген жылдары 10 жылдан көп, бірақ 20 жылдан аз, бірақ қызметтен шығарылған кезде қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген адамдарға ақшалай өтемақы не біржолғы тұрғын үй төлемін төлеу қажет болады.

Бұл санаттағы адамдар саны белгісіз, өйткені көптеген әскери қызметшілер қызметтен «кеңес» заманында шығарылған, олардың бір бөлігі запастағы әскери қызметшілер есебінен шығарылған, көбі тұрғылықты тұру үшін басқа мемлекеттерге кеткен немесе қайтыс болған.

Сондықтан Заңның 55-бабының 6, 6-1 және 7-тармақтарын алып тастау, тұрғын үйге құқығын іске асырған, сондай-ақ іске асыруды жоспарлап отырған адамдарға қатысты әлеуметтік тұрғыдан әділетсіздікке әкеледі.

Осыған байланысты өтеусіз жекешелендіру және жекешелендіру құқығы үшін өтемақы алу үшін шекті деңгейді төмендетуді орынсыз деп санаймыз.

Тұрғын үй төлемін есептеу кезінде құқық қорғау қызметіндегі өтілін есептеуге және 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы мүшелерін тұрғын үймен қамтамасыз етуге қатысты аталған нормалар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасында көзделген болатын.

Сонымен бірге бұл түзетулер шығынды болуына байланысты алынып тасталды.

Қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне тұрып жатқан қызметтік тұрғын үйді жекешелендіруге мұрагерлік құқығын беру мәселелері қазірдің өзінде тұрғын үй заңнамасымен реттелген.

Бұл ретте «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 101-9-бабының 2-тармағын алып тастау әскери қызмет өткеру кезеңінде қаза тапқан (қайтыс болған) арнаулы мемлекеттік органдар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган қызметкерлері және әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің құқығын бұзады.

Баяндалғанның негізінде уәкілетті мемлекеттік органдар әскери қызметтен шығарылған адамдарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін қолданыстағы заңнама шеңберінде шешу тәсілін ұстанады.

Ә. Смайылов

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

На № ДС-214 от 16 июня 2021 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно разделения уволенных военнослужащих по периодам их увольнения на три категории и применения в отношении каждой категории разных норм жилищного законодательства, сообщая следующее.

Государство с учетом финансовых возможностей поэтапно решает вопросы обеспечения жильем военнослужащих.

В целях повышения престижа воинской службы военнослужащие включены в категорию граждан, претендующих на жилье из государственного жилищного фонда.

В настоящее время военнослужащие имеют право претендовать на получение жилья как из государственного учреждения (войсковой части) по месту прохождения службы, так и из коммунального жилищного фонда местных исполнительных органов.

После 20 лет воинской службы в календарном исчислении им предоставлено право на безвозмездную приватизацию занимаемого жилья.

Вместе с тем до 2013 года действовала норма, согласно которой военнослужащего, прослужившего 20 лет и более, не могли уволить без предоставления жилья, а в отношении уволенных до указанного срока в связи с болезнью, организационно-штатными изменениями и достижением предельного возраста, направлялись ходатайства в местные исполнительные органы о постановке на учет в качестве нуждающихся в жилье.

Таким образом, ущемлений прав лиц, уволенных с воинской службы до 2013 года, не имелось, поскольку государство предоставляло им право на получение жилья из государственного учреждения или коммунального жилищного фонда.

С 1 января 2013 года были введены законодательные нормы, предусматривающие предоставление военнослужащим компенсации за наем (аренду) жилья, что позволило существенно снизить количество обращений в суд со стороны уволенных военнослужащих.

В то же время названная компенсация не в полной мере решала вопросы обеспечения военнослужащих жильем.

В этой связи с 1 января 2018 года в законодательство были внесены поправки, направленные на целевые жилищные выплаты (*ипотека, аренда жилья, долевое участие в жилищном строительстве, участие в жилищно-строительных кооперативах, пополнение жилищных сбережений и улучшение жилищных условий*),

которые не относятся к ранее действовавшим до этого периода правоотношениям.

На сегодняшний день в отношении лиц, уволенных с воинской службы до 2013 года, с 2013 года по 2018 год и с 2018 года, действуют разные нормы.

Так, лица, уволенные с воинской службы **до 1 января 2013 года** и не реализовавшие право на жилище в соответствии с пунктом 1 статьи 67 Закона «О жилищных отношениях», вправе встать на учет нуждающихся в жилище из коммунального жилищного фонда по месту постоянного проживания (*их численность не установлена и может достичь нескольких десятков тысяч человек*).

Лицам, уволенным с воинской службы **с 1 января 2013 года по 1 января 2018 года** с выслугой 20 лет и более в календарном исчислении, законодательно предусмотрена выплата денежной компенсации (*пункт 7 статьи 55 Закона «О воинской службе и статусе военнослужащих» (далее – Закон)*). На 1 января 2018 года их количество составляло 48 человек, которым в полном объеме осуществлены выплаты на общую сумму 1 273 421 тыс. тенге.

При этом лицам, уволенным с воинской службы до 1 января 2018 года с выслугой 20 лет и более, проживающим в неподлежащим приватизации служебном жилище (*закрытые и обособленные военные городки, общежитие*), дано право на получение денежной компенсации взамен права безвозмездной приватизации.

На 1 января 2018 года общее количество данной категории составляло 165 лиц, из них 111 лиц получили денежную компенсацию на общую сумму 999 520 тыс. тенге, оставшимся 54 лицам выплата будет произведена до конца текущего года.

В свою очередь лицам, уволенным с воинской службы до 1 января 2018 года с выслугой 10 лет и более, но менее 20 лет, проживающим в неподлежащем приватизации служебном жилище (*закрытые и обособленные военные городки, общежитие*), дано право произвести обмен жилищами из государственного жилищного фонда с последующей приватизацией. Общее их количество на 1 января 2018 года составляло 742 лица, из них право обмена реализовало 335 лиц. Работа в этом направлении продолжается.

Лица, уволенные с воинской службы **с 1 января 2018 года**, обеспечены жилищем в полном объеме.

Сегодня только небольшая часть лиц (*20 человек*), уволенных с воинской службы до 1 января 2018 года с выслугой 10 лет и более, но менее 20 лет, требует изменения законодательства и выплаты им денежной компенсации за жилье.

В случае изменения законодательства и принятия решения о выплате им денежной компенсации либо единовременных жилищных выплат, будет нарушен баланс ранее существовавших нормативных правовых актов.

Кроме того, будут нарушены права военнослужащих, использовавших право на приватизацию по остаточной стоимости (*необходимо возратить им выплаченные деньги и выплатить денежную компенсацию*), а также потребуются

произвести выплаты денежной компенсации либо единовременных жилищных выплат лицам, имеющим аналогичную выслугу более 10, но менее 20 лет, но необеспеченным служебным жилищем на момент увольнения.

Количество указанной категории лиц не установлено, так как многие военнослужащие уволены еще в «советское» время, часть из них исключена из учета военнослужащих запаса, многие выехали на постоянное место жительства в другие государства либо умерли.

Таким образом, исключение пунктов 6, 6-1 и 7 статьи 55 Закона приведет к социальной несправедливости в отношении лиц, реализовавших либо планирующих реализовать свои права на жилище.

В этой связи снижение порогов для безвозмездной приватизации и получения компенсации за право приватизации полагаем нецелесообразным.

Что касается вопросов исчисления стажа в правоохранительной службе при начислении жилищных выплат и жилищного обеспечения членов семей военнослужащих, погибших (умерших) до 1 января 2018 года, то ранее названные нормы были предусмотрены в рамках проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам воинской службы и жилищных отношений сотрудников специальных государственных органов и военнослужащих».

Вместе с тем данные поправки были исключены ввиду их затратности.

Вопросы унаследования права на приватизацию занимаемого служебного жилья членами семей военнослужащих, погибших (умерших) при прохождении службы уже урегулированы жилищным законодательством.

При этом исключение пункта 2 статьи 101-9 Закона «О жилищных отношениях» нарушит права членов семьи сотрудников специальных государственных органов, уполномоченного органа по противодействию коррупции и военнослужащих, погибших (умерших) в период прохождения воинской службы.

На основании изложенного уполномоченные государственные органы придерживаются позиции решения вопросов обеспечения жильем лиц, уволенных с воинской службы, в рамках действующего законодательства.

А. Смаилов

Исп.: Галкин Ю.С.

Тел.: 74 51 07